



$$A_p = R_{bc} \times S \times K_t \times K_k \times K_r \times K_{vd} \times K_{opf},$$

м ұ н д а :

$A_p$  – жылына аудандық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$R_{bc}$  - 1 шаршы метрге жылына теңге жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі ;

$S$  - жалға алынатын алаң (шаршы метр);

$K_t$  - құрылыс үлгісін ескеретін коэффициент;

$K_k$  - тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент;

$K_r$  - аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

$K_{vd}$  - жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент;

$K_{opf}$  - жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент.

№	Коэффициенттер түрі	Коэффициент мөлшері
1	Құрылыс үлгісін ескеретін коэффициент (Үк):	
	1.1 кеңселік	1
	1.2 өндірістік	0,8
	1.3 қойма, гараж, қазандық	0,6
	1.4 спорттық ғимараттар (стадиондар, спорттық залдар)	0,7
№	Коэффициенттер түрі	Коэффициент мөлшері
2	Тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент (Кт)	
	2.1 жеке тұрған құрылыс	1
	2.2 жапсарлас-жанаса салынған бөлігі	1
	2.3 астыңғы (жартылай жертөле) бөлігі	0,7
	2.4 жертөле бөлігі	0,6
3	Аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент (Кр):	
	3.1 Таран ауылы, Тобыл кенті	1
	3.2 Таран ауылдық округінің басқа елді мекендері	0,8
	3.3 Асенкритов, Майский, Набережный, Калинин ауылдық округтерінің, Юбилейное ауылының елді мекендері	0,9
	3.4 Павлов, Новоильинов, Белинский, Қайранкөл ауылдық округтерінің, Евгеновка, Приозерное ауылдарының елді мекендері	0,7
4	Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент (Квд):	
	4.1. Шағын кешенді мектептің оқушыларына ыстық және дәмхана тамағын ұйымдастыру	0,5
	4.2. Қызметтің басқа көріністері үшін	1
	Жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (Копф):	

5	5.1 сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда, өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін	0,9
	5.2 қалғандары үшін	1,0

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$A_{п} = C_{x} \cdot N_{a m} / 100 \cdot K_{п},$$

м ұ н д а :

$A_{п}$  - жылына жабдықтар мен көлік құралдары үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$C$  - бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны.

100 пайыз тозуы есептелген жабдықтар мен көлік құралдарын мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнынан 10 пайыз мөлшерінде қабылданады;

$N_{a m}$  - Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабына сәйкес амортизацияның шекті нормалары;

$K_{п}$  - төмендету коэффициенті (жабдықтар мен көлік құралдары алпыс пайыздан аса тозу кезінде қолданылады - 0,8 мөлшерінде, сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру кезінде - 0,5 мөлшерінде).

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

$$A_{ч} = A_{п} / 12 / Д / 24,$$

м ұ н д а :

$A_{ч}$  – сағатына аудандық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$A_{п}$  – жылына аудандық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$Д$  – объектілерді мүліктік жалдауға беру жүзеге асырылатын айдағы күндердің саны.